

Маңғыстау ауылды бойынша салық салу мақсатында аймақтарға бөлу схемасы және жер салығының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері туралы

Күшін жойған

Мұнайлы ауданы мәслихатының 2009 жылғы 8 мамырдағы № 15/162 шешімі. Мұнайлы ауданы Әділет басқармасында 2009 жылғы 9 маусымда № 11-7-46 тіркелді. Күші жойылды – Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 11 шілдедегі № 3/38 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық мәслихатының 11.07.2016 № 3/38 шешімімен

Ескерту. Тақырыбында және 1 - тармақта "селосы" деген сөз "ауылы" деген сөзben ауыстырылды - Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық мәслихатының 23.07.2015 № 35/374 шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442 Жер Кодексінің 8, 11 баптарына және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 100-IV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексіне сәйкес, аудандық мәслихат

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Маңғыстау ауылды бойынша салық салу мақсатында аймақтарға бөлу схемасы және жер салығының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері № №1,2 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 2 - тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық мәслихатының 23.07.2015 № 35/374 шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Сессия төрағасы	Н. Кенджикараев
Aудандық мәслихат хатшысы	Б. Назар

"КЕЛІСІЛДІ"

"Мұнайлы ауданы бойынша
салық басқармасы" бастығы
А.Тумышева

"_____" 2009 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

"Мұнайлы аудандық жер
қатынастары бөлімі"
мемлекеттік мекемесі
бастығының м.а.
С. Тұрмағамбетов.

"_____" 2009 жыл.

Аудандық мәслихаттың
2009 жылғы 8 мамырдағы
№ 15/162 шешіміне 1 қосымша

Ескерту: 1 қосымша қағаз нұсқада.

Аудандық мәслихаттың
2009 жылғы 8 мамырдағы
№ 15/162 шешіміне 2 қосымша

Ескерту. 2 - қосымшағы өзгерістер енгізілді – Манғыстау облысы Мұнайлы аудандық мәслихатының 23.07.2015 № 35/374 шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Манғыстау ауылдық жерлері аймақтарының сипаттамасы және салық салу мақсатындағы жер салығының базалық ставкасына түзету коэффициенттері

Аймақтар №№	Аймақта енетін аумақтар	Салық салу коэффициенттер
1	селитебтік, екі қабатты және жеке тұрғын үй құрылышы салынған орталық бөлігі енетін аймақ.	1,5
2	Өнеркәсіптік аймақ	1,5
3	селитебтік, тұрғын массиві кіretін жеке тұрғын үй құрылышы салынған аймақ.	1,4

Аймақтардың сипаты

1-ші аймақ - селитебтік, екі қабатты және жеке тұрғын үй құрылышы салынған орталық бөлігі енеді. Бұл жердегі негізгі әкімшілік ғимараттар, жалпы білім беретін мектептер, спорт мектебі, мәдениет үйі, байланыс үйі, кітапхана, емхана, ауруханалық қалашық, мешіт, базар, қонақ үйі, ұсақ дүкендер желісі, кафелер, мейрамханалар шоғырланған.

2-ші аймақ - өнеркәсіптік аймақ.

3-ші аймақ - селитебтік, тұрғын массиві кіretін жеке тұрғын үй құрылышы салынған аймақ.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК